Нолипрел Би-форте дәрілік препараты бауыр функциясының бұзылуы ауыр пациенттерге қарсы көрсетілімді.

Бауыр функциясының орташа бұзылуында дозаны түзету қажет емес.

Балалар

Нолипрел Би-форте дәрілік препаратын, осы жас тобындағы пациенттерде препаратты қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректердің болмауына орай, балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде қолдануға болмайды.

Қолдану тәсілі

Ішке, дұрысы - таңертең, ас ішу алдында. Таблеткаларды сумен ішіп, бүйіндей жұту керек.

4.3. Қолдануға болмайтын жағдайлар

Индапамид

- Әсер етуші затқа немесе кез келген басқа сульфонамидтерге аса жоғары сезімталдық.
- Бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылуы (КК 60 мл/минуттан төмен).
- Бауыр энцефалопатиясы.
- Бауыр функциясының ауыр бұзылуы.
- Гипокалиемиа.

- «Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруға қабілетті антиаритмиялық емес дәрілік заттармен бірге қолдану мақсатқа сай емес (4.5 бөлімін қараңыз).
- Бала емізу кезеңі (4.6 бөлімін қараңыз).

Периндоприл

- Әсер етуші затқа немесе ангиотензин өзгертуші ферменттің (АӨФ) кез келген басқа тежегіштеріне аса жоғары сезімталдық.
- Басқа АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында анамнезде ангионевроздық ісінудің (Квинке ісінуі) болуы (4.4 бөлімін қараңыз).
- Тұқым қуалайтын/идиопатиялық ангионевроздық ісіну.
- Жүктілік және бала емізу кезеңі (4.6 бөлімін қараңыз).
- Қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылуы (шумақтық сүзіліс жылдамдығы (ШСЖ) дене беткейі ауданына 60 мл/мин/1,73 м² аз) бар пациенттерде алискиренмен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттармен бірге қолдану (4.5 және 5.1 бөлімдерін қараңыз).
- Диабеттік нефропатия бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) бірге қолдану (4.4 бөлімін қараңыз).
- Валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану. Нолипрел Би-фортені валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қолданудан кейін 36 сағат өтпей тұрып қабылдауға болмайды (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).
- Қанның теріс зарядталған беткейлермен жанасуына алып келетін экстракорпоральді ем (4.5 бөлімін қараңыз).
- Бүйрек артерияларының екі жақты айқын стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы (4.4 бөлімін қараңыз).

Нолипрел Би-форте

- 6.1 бөлімінде тізбеленген қосымша заттардың кез келгеніне аса жоғары сезімталдық.
- Нолипрел Би-форте дәрілік препаратын, жеткілікті клиникалық тәжірибесінің болмауына орай, гемодиализде жүрген пациенттерде, сондай-ақ декомпенсация сатысындағы емделмеген жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде қолдануға болмайды.

4.4. Айрықша нұсқаулар және қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

Сақтықпен

Дәнекер тіннің жүйелі аурулары (оның ішінде жүйелі қызыл жегі, склеродермия және т.б.), аллопуринол, цитостатиктер мен иммунодепрессанттар немесе прокаинамидті (нейтропения мен агранулоцитоздың даму қаупі) қатарлас қолдану, қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ пациенттерде литий препараттарымен, алискирен препараттарымен, диабеттік нефропатиясыз пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II), алтын препараттарымен, қабынуға қарсы стероидты емес препараттармен (ҚҚСП), баклофен, кортикостероидтар, неприлизин тежегіштерімен (4.5 бөлімін қараңыз), электрокардиограммада (ЭКГ) QT аралығын ұзаруын туындатуы мүмкін препараттармен, жүрек гликозидтерімен, «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруы мүмкін дәрілік препараттармен қатарлас емдеу, сүйек кеміктік қан түзілуінің бәсеңдеуі, айналымдағы қан көлемінің төмендеуі (диуретиктер қабылдау, тұзсыз диета, құсу, диарея, гемодиализ), жүректің ишемиялық ауруы, цереброваскулярлы аурулар, реноваскулярлы гипертензия, қант диабеті, алғашқы гиперальдостеронизм, жүректің созылмалы жеткіліксіздігі (NYHA жіктеуі бойынша III-V функционалдық класы), бауыр және бүйрек функциясының бұзылулары, гиперурикемия (әсіресе, подаграмен және уратты нефролитиазбен қатар жүретін), АҚ құбылуы, егде жас, жоғары ағынды жарғақшалар қолданумен гемодиализ жүргізу немесе десенсибилизация, тығыздығы төмен липопротеиндер (ТТЛП) аферезімен жасалатын емшара алдында, бүйрек трансплантациясынан кейінгі жай-күй, хирургиялық араласу/анестезия, қолқалық немесе митральді клапан стенозы/гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия, атеросклероз, қара нәсіл өкілдері (аз білінетін қолдану әсері), спортшылар (допинг-тексеру кезінде оң реакция болуы мүмкін), калий жінқтаушы диуретиктермен, калий препараттарымен қатар жүргізілетін ем немесе плазмадағы калий мөлшері жоғары пациенттерде, гиперкалиемиа, гипонатриемия, ауырлап кеткен аллергологиялық анамнез, анамнездегі пенициллинге аллергиялық реакция.

Жалпы индапамид пен периндоприл үшін

Литий препараттары

Индапамид пен периндоприл біріктірілімін литий препараттарымен бірге қолдану, әдетте, ұсынылмайды (4.5 бөлімін қараңыз).

Бүйрек функциясының бұзылуы

Нолипрел Би-форте препаратымен ем бүйрек функциясының орташа және ауыр бұзылуы бар (КК 60 мл/минуттан аз) пациенттерге қарсы көрсетілімді Осының

алдында бүйрек функциясының айқын бұзылуы болмаған, артериялық гипертензия бар кейбір пациенттерде ем аясында функционалдық бүйрек жеткіліксіздігінің зертханалық белгілері пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда емдеуді тоқтату керек. Одан әрі препараттардың төмен дозаларын қолдана отырып, біріктірілген емді жаңғыртуға әлде тек препараттардың біреуін қолдануға болады.

Осындай пациенттерге ем басталуынан кейін 2 апта өткен соң, ал әріқарай препарат дозасы таңдалған кезеңде әр 2 ай сайын қандағы калий иондарының және креатинин концентрациясын жүйелі бақылау қажет. Бүйрек жеткіліксіздігі жүректің ауыр жеткіліксіздігі немесе бүйректің бастапқы жеткіліксіздігі бар пациенттерде, оның ішінде, бүйрек артериясының стенозында жиірек туындайды.

Нолипрел Би-форте дәрілік препараты бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек жағдайында қолдануға ұсынылмайды.

Артериялық гипотензия және су-электролит теңгерімінің бұзылуы

Бастапқы гипонатриемия жағдайында, атап айтқанда, бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде артериялық гипотензияның кенеттен даму қаупі бар. Сондықтан, сусыздану және қан плазмасындағы электролиттер мөлшерінің төмендеу симптомдарына, мысалы, диарея немесе құсудан кейін жүйелі бағалау жүргізу қажет. Осындай пациенттерге қан плазмасындағы электролиттер мөлшерін жүйелі бақылау қажет.

Айқын артериялық гипотензияда изотониялық тұз ерітіндісін вена ішіне енгізу қажет болуы мүмкін.

Транзиторлы артериялық гипотензия емді жалғастыруға қарсы көрсетілім емес. АҚ және айналымдағы қан көлемін қалпына келтіруден кейін төмен дозаларын қолдана отырып, емді жаңғыртуға әлде тек препарат компоненттерінің біреуін қолдануға болады.

Калий мөлшері

Индапамид пен периндоприлді біріктіріп қолдану, әсіресе, қант диабеті немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде гипокалиемия дамуын болдырмайды. Кез келген гипотензиялық препаратты диуретикпен біріктірілімде қолдану жағдайындағы сияқты, қан плазмасында калий концентрациясын жүйелі бақылау қажет.

Индапамид

Бауыр энцефалопатиясы

Бауыр функциясының бұзылулары болса, тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қабылдау, әсіресе, электролит теңгерімсіздігі жағдайында, бауыр комасына дейін үдеп

кетуі мүмкін бауыр энцефалопатиясының дамуына әкелуі мүмкін. Ондай жағдайда диуретик қабылдауды дереу тоқтату керек.

Фотосезімталдық

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қабылдау аясында фотосезімталдық реакцияларының даму жағдайлары мәлімделді (4.8 бөлімін қараңыз). Препаратты қабылдау аясында фотосезімталдық реакциялары дамыған жағдайда емдеуді тоқтату керек. Диуретиктермен емді жалғастыру қажет болса, тері жабындарын күн сәулесінің немесе жасанды ультракүлгін сәулелердің әсерінен қорғауға кеңес беріледі.

Су-электролит теңгерімі

Қан плазмасындағы натрий иондарының концентрациясы

Қан плазмасындағы натрий иондарының концентрациясын емдеу басталғанша анықтау, ал артынан препаратты қабылдау аясында жүйелі бақылап отыру қажет. Натрий иондары концентрациясының төмендеуі бастапқы сатыда клиникалық симптомдармен қатар жүрмеуі мүмкін, сондықтан жүйелі зертханалық бақылау қажет. Бауыр циррозы бар пациенттерге және егде жастағы пациенттерге натрий иондарының мөлшерін жиірек бақылау көрсетілген (4.8 және 4.9 бөлімдерін қараңыз). Кез келген диуретиктермен емдеу кейде өте күрделі зардаптарымен гипонатриемияны тудыруы мүмкін. Гиповолемиямен қатар жүретін гипонатриемия сусызданудың және ортостаздық гипотензияның дамуына алып келуі мүмкін. Хлор иондары мөлшерінің қатарлас төмендеуі салдарлы компенсаторлық метаболизмдік алкалоз дамуына алып келуі мүмкін: оның туындау жиілігі мен айқындылық дәрежесі мардымсыз.

Қан плазмасындағы калий иондарының концентрациясы

Гипокалиемиямен бірге калий концентрациясының төмендеуі тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктермен емдеумен байланысты негізгі қауіп болып табылады. Гипокалиемия бұлшықет бұзылыстарын тудыруы мүмкін. Рабдомиолиз жағдайлары, негізінен, ауыр гипокалиемия аясында мәлімделді.

Калий иондарының концентрациясының төмендеу қаупін (3,4 ммоль/л мөлшерінен аз) жоғары қауіп тобына жататын пациенттердің келесі санаттарына: егде жастағы пациенттерге және/немесе дәрі-дәрмекпен біріктірілген ем қабылдап жүрген де, қабылдап жүрмеген де жүдеп кеткен пациенттерге, ісінулер және асцитпен, жүректің ишемиялық ауруымен, жүрек жеткіліксіздігімен бірге бауыр циррозына шалдыққан пациенттерге ескерту қажет. Осы пациенттерде гипокалиемия жүрек гликозидтерінің уытты әсерін күшейтеді және ырғақ бұзылуының даму қаупін арттырады.

Жоғары қауіп тобына әрі туа біткен, әрі дәрілік заттар әсерінен болатын ЭКГ-да QT аралығының ұзаруы бар пациенттер де жатады.

Гипокалиемия, сондай-ақ, брадикардия сияқты, жүрек ырғағының ауыр бұзылуларының, әсіресе, өлімге соқтыруы мүмкін «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияның дамуына ықпал етеді. Жоғарыда сипатталған барлық жағдайларда қан плазмасындағы калий иондарының мөлшерін жиірек бақылау қажет. Калий иондары концентрациясының алғашқы өлшеуін ем басталған соң алғашқы аптаның ішінде жүргізу қажет.

Гипокалиемия анықталса, тиісті түзету жүргізілуі тиіс. Қан сарысуындағы төмен магний концентрациясымен байланысты гипокалиемия қан сарысуындағы магний деңгейі түзетілетін сәтке дейін емдеуге төзімді болуы мүмкін.

Қан плазмасындағы кальций иондарының концентрациясы

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер қан плазмасындағы кальций концентрациясының мардымсыз және уақытша жоғарылауына алып келіп, кальций иондарының бүйрекпен шығарылуын азайтуы мүмкін. Кальций иондары концентрациясының айқын жоғарылауы диагностикаланбаған гиперпаратиреозбен байланысты болуы мүмкін. Қалқанша маңы бездерінің функциясын зерттеу алдында диурездік дәрілер қабылдауды тоқтату керек.

Қан плазмасындағы магний деңгейі:

Индапамидті қоса, тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктерді қолдану аясында несеппен магний бөлінісінің артуы білінді, бұл гипомагниемия дамуына себеп болуы мүмкін (4.5 және 4.8 бөлімдерін қараңыз).

Қандағы глюкоза концентрациясы

Қант диабеті бар пациенттерде, әсіресе, калий иондарының концентрациясы төмен болғанда қандағы глюкоза концентрациясын бақылап отыру қажет.

Несеп қышқылы

Қан плазмасындағы несеп қышқылының концентрациясы жоғарылаған пациенттерде подагра ұстамаларының туындау жиілігінің арту үрдісі бар.

Диурездік дәрілер және бүйрек функциясы

Тиазидті және тиазид тәрізді диуретиктер бүйрек функциясы қалыпты немесе оның болымсыз бұзылуы бар (креатинин концентрациясы ересек пациенттерде 25 мг/л төмен немесе 220 мкмоль/л) пациенттерде ғана толық шамада тиімді. Егде жастағы пациенттерде қан плазмасындағы креатинин деңгейі жасын, салмағын және жынысын ескере отырып, Кокрофт формуласына сәйкес бағалануы тиіс:

Креатинин клиренсі (КК) = (140 – жас) x салмақ/0,814 x қан плазмасындағы креатинин концентрациясы,

онда: жас – пациент жасы жылдармен, салмақ – кг дене салмағы, креатинин концентрациясы – қан плазмасындағы креатинин концентрациясы.

Формула егде жастағы ерлерге сай келеді; егде жастағы әйелдер үшін нәтижені 0,85 коэффициентіне көбейту керек.

Диуретикпен емдеудің басында пациенттерде гиповолемияға орай (су және натрий иондарының шығарылу салдарынан) шумақтық сүзілу жылдамдығының уақытша төмендеуін және қан плазмасында мочеви́на мен креатинин концентрациясының жоғарылауын байқауға болады. Бұл транзиторлық функционалдық бүйрек жеткіліксіздігі бастапқы қалыпты бүйрек функциясы бар пациенттерге қолайсыз зардаптар төндірмейді, алайда, емдеудің басталуына дейін бұрын болған бүйрек функциясының бұзылуын өршітуі мүмкін.

Спортшылар

Спортшылар дәрілік препарат құрамында допинг-тест өткізу кезінде оң нәтиже беруі мүмкін әсер етуші зат бар екеніне көңіл бөлу керек.

Хориоидты жалқық, жедел миопия, салдарлы жабық бұрышты глаукома

Сульфонамид және оның туындылары көру өрісінің ақауымен хориоидты жалқық, өткінші миопия және жедел салдарлы жабық бұрышты глаукоманың дамуына алып келетін идиосинкразиялық реакция дамуын тудыруы мүмкін. Симптомдар жедел басталатын және, әдетте, препаратты қабылдау басталған соң, бірнеше сағат немесе апта ішінде туындайтын көру өткірлігінің кенеттен төмендеуін немесе көздің ауыруын қамтиды. Емдеу жүргізілмесе, жедел жабық бұрышты глаукома қайтымсыз көрмей қалуға алып келуі мүмкін. Бірінші кезекте ем препаратты барынша тез тоқтатумен жүзеге асады. Егер көзішілік қысым бақыланбайтын күйде қалса, дәрі-дәрмекпен шұғыл емдеу немесе хирургиялық араласу қажет болуы мүмкін. Жедел жабық бұрышты глаукоманы дамытатын қауіп факторлары анамнездегі сульфонамид немесе пенициллинге аллергиялық реакциялар болуы мүмкін.

Периндоприл

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесін (РААЖ) қосарлы бөгеу

АӨФ тежегіштерін АРА II немесе алискиренмен бірге қолданғанда артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясы бұзылуының (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) туындау қаупінің артуы туралы деректер бар. Сондықтан АӨФ тежегішін АРА II немесе алискиренмен біріктіру арқылы РААЖ қосарлы бөгеу

ұсынылмайды (4.5 және 5.1 бөлімдерін қараңыз). Егер қосарлы бөгеу абсолютті қажеттілік болса, ол бүйрек функциясын, қан плазмасындағы электролиттер мөлшерін және АҚ жүйелі бақылауымен бірге маманның қатаң қадағалауымен орындалуы тиіс.

АӨФ тежегішін АРА II -мен біріктірілімде қолдану диабеттік нефропатия бар пациенттерде қарсы көрсетілімді және басқа пациенттерде ұсынылмайды (4.3 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).

Калий жинақтайтын диуретиктер, калий препараттары, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар және тағам қоспалары

Периндоприл мен калий жинақтайтын диуретиктерді, сондай-ақ калий препараттарын, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар және тағам қоспаларын бірге қолдануға кеңес берілмейді (4.5 бөлімін қараңыз).

Нейтропения, агранулоцитоз, тромбоцитопения, анемия

АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында нейтропения/агранулоцитоз, тромбоцитопения және анемия дамуы туралы хабарламалар бар. Бүйрек функциясы қалыпты және қатарлас қауіп факторлары жоқ пациенттерде нейтропения сирек туындайды. Дәнекер тіннің жүйелі аурулары аясында, сонымен қатар, иммунодепрессанттар, аллопуринол немесе прокаинамид қабылдау аясында немесе осы факторлар біріккенде, әсіресе, бүйрек функциясының бастапқы бұзылуы бар пациенттерде периндоприлді аса сақтықпен қолдану керек.

Кейбір пациенттерде бірқатар жағдайларда антибиотикпен қарқынды емге төзімді ауыр инфекциялық аурулар туындайды. Осындай пациенттерге периндоприл тағайындалғанда қандағы лейкоциттер санын мезгіл-мезгіл бақылап отыруға кеңес беріледі. Пациенттер инфекциялық аурулардың кез келген белгілері туралы (мысалы, тамақтың ауыруы, қызба) дәрігерге хабарлауы тиіс (4.5 және 4.8 бөлімдерін қараңыз).

Анемия бүйрек трансплантациясынан кейінгі пациенттерде немесе гемодиализде жүрген пациенттерде дамуы мүмкін. Осы орайда, гемоглобин төмендеуі оның жоғары болған бастапқы көрсеткішінен көбірек. Бұл әсері, сірә, дозаға тәуелді емес, бірақ АӨФ тежегіштерінің әсер ету механизмімен байланысты болуы мүмкін. Гемоглобиннің мардымсыз төмендеуі алғашқы 6 ай ішінде болады, артынан ол тұрақты күйде қалады және препаратты тоқтатудан кейін толық қалпына келеді. Осындай пациенттерде емдеуді жалғастыруға болады, алайда, гематологиялық талдаулар жүйелі жасалуы тиіс.

Реноваскулярлы гипертензия

АӨФ тежегішін қолдану аясында бүйрек артерияларының екі жақты стенозы немесе жалғыз жұмыс істейтін бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерде гипотензия және бүйрек жеткіліксіздігінің даму қаупі артады (4.3 бөлімін қараңыз). Диуретиктер қабылдау қосымша қауіп факторы болуы мүмкін (4.3 бөлімін қараңыз). Бүйрек функциясының нашарлауын қан сарысуындағы креатинин концентрациясының мардымсыз өзгеруінде-ақ, тіпті бүйрек артериясының бір жақты стенозы бар пациенттерде байқауға болады.

Реноваскулярлы гипертензияны емдеу әдісі ревазуляризация болып табылады. Дегенмен де, АӨФ тежегіштерін қолдану операциялық араласуды күтетін пациенттердің осы санатында да, хирургиялық араласу жасау мүмкін емес жағдайда да оң әсерін көрсетуі мүмкін.

Нолипрел Би-форте дәрілік препаратын қолдану анықталған немесе болжанатын бүйрек артериясының стенозы бар пациенттерге көрсетілмеген, өйткені осындай пациенттерде емді стационар жағдайларында индапамид пен периндоприл біріктірілімінің төменірек дозаларынан бастау керек.

Жоғары сезімталдық, ангионевроздық ісіну

АӨФ тежегіштерін, оның ішінде периндоприлді қабылдау кезінде сирек жағдайларда бет, аяқ-қол, ерін, тіл, дауыс қатпарларының және/немесе көмейдің ангионевроздық ісінуінің дамуын байқауға болады (4.8 бөлімін қараңыз). Бұл емнің кез келген кезеңінде болуы мүмкін. Симптомдар пайда болғанда периндоприл қабылдау дереу тоқтатылуы тиіс, ал пациент ісіну белгілері толық кетіп қалатын сәтке дейін қадағалануы тиіс. Егер ісіну тек бет пен ерінді жайласа, әдетте, ол өз бетінше басылады, осы орайда симптоматикалық ем ретінде антигистаминдік дәрілерді қолдануға болады.

Көмей ісінуімен қатар жүретін ангионевроздық ісіну өліммен аяқталуға алып келуі мүмкін. Бет, дауыс қатпарларының немесе көмейдің ісінуі тыныс жолдарының обструкциясына алып келуі мүмкін. Осындай симптомдар пайда болғанда тиісті ем жүргізуді дереу бастау, мысалы, 1:1000 арақатынасында (0,3 – 0,5 мл) сұйылтумен тері астына эпинефрин (адреналин) енгізу және/немесе тыныс жолдарының өткізгіштігін қамтамасыз ету керек.

Қара нәсілді пациенттерде ангионевроздық ісінудің өте жоғары даму қаупі мәлімделді. АӨФ тежегіштерін қабылдаумен байланыссыз ангионевроздық ісіну анамнезінде аталған пациенттерде осы топқа жететін препараттарды қабылдау кезінде оның даму қаупі жоғары болуы мүмкін (4.3 бөлімін қараңыз).

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерімен ем аясында ішектің ангионевроздық ісінуі дамиды. Осы орайда пациенттерде оқшауланған симптом ретінде немесе жүрек айнумен және құсумен біріккен түрде, кейбір жағдайларда осының алдындағы ангионевроздық ісінусіз немесе С1-эстераза белсенділігінің қалыпты деңгейінде іштің ауыруы аталды. Диагноз құрсақ қуысының компьютерлік томографиясының, ультрадыбыстық зерттеу көмегімен немесе хирургиялық араласу жасалған сәтте қойылды. Симптомдар АӨФ тежегіштерін қабылдауды тоқтатудан кейін басылды. Сондықтан АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген іш аумағының ауыруы бар пациенттерде дифференциялық диагностика жасау кезінде ішектің ангионевроздық ісінуінің даму мүмкіндігін ескеру қажет.

Периндоприлді құрамында валсартан + сакубитрил бар біріктірілген дәрілік препараттармен бірге қолдану қарсы көрсетілмді, өйткені ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары (4.3 және 4.5 бөлімдерін қараңыз). Құрамында валсартан + сакубитрил бар біріктірілген дәрілік препаратты периндоприлді соңғы қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып қолдануға болады. Құрамында валсартан + сакубитрил бар біріктірілген дәрілік препаратты қабылдауды тоқтатудан кейін 36 сағат өтпес бұрын периндоприлді қолдануға болады (4.3 және 4.5 бөлімдерін қараңыз).

АӨФ тежегіштерін неприлизин тежегіштерімен (мысалы, рацекадотрил), mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қолдану ангионевроздық ісінуінің жоғары даму қаупіне (мысалы, тыныс алудың бұзылуымен немесе онсыз тыныс жолдарының немесе тілдің ісінуіне) әкелуі мүмкін (4.5 бөлімін қараңыз). АӨФ тежегіштерін бұрын қабылдап жүрген пациенттерде рацекадотрил, mTOR тежегіштері (мысалы, сиролimus, эверолимус, темсиролimus) және глиптинтер (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) тағайындалғанда сақ болу керек.

Десенсибилизация жүргізу кезіндегі анафилактоидты реакциялар

Жарғақ қанатты жәндіктер (аралар, соналар) уымен десенсибилизациялау емі кезінде АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде ұзаққа созылатын, өмірге қатерлі анафилактоидты реакциялардың дамуы туралы жекелеген хабарламалар бар. АӨФ тежегіштерін десенсибилизациялау емшарасынан өтіп жүрген. аллергиялық реакцияларға бейімділігі бар пациенттерде сақтықпен қолдану қажет. Жарғақ қанатты жәндіктер уымен иммундық ем алып жүрген пациенттерге АӨФ тежегішін қолданбау керек. Дегенмен де, АӨФ тежегіштерін қолдану да, десенсибилизациялау емшарасын

жасау да қажет болатын пациенттерде анафилактоидты реакциядан емшараның басталуынан, кем дегенде, 24 сағат уақыт бұрын АӨФ тежегішін уақытша тоқтату арқылы сақтануға болады.

Тығыздығы төмен липопротеиндер (ТТЛП) аферезін жасау кезіндегі анафилактоидты реакциялар

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде декстран сульфатын пайдаланумен ТТЛП аферезін жасау кезінде өмірге қатерлі анафилактоидты реакциялар дамыды. Анафилактоидты реакцияны болдырмау үшін әр аферез емшарасы алдында АӨФ тежегішімен емді уақытша тоқтату керек.

Гемодиализде жүрген пациенттер

АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде жоғары ағынды жарғақшалар (мысалы, AN69®) қолданумен гемодиализ жүргізілгенде анафилактоидты реакциялар аталды. Сондықтан басқа типті жарғақша қолданған немесе басқа фармакотерапиялық топтың гипотензиялық дәрісін қолданған дұрыс.

Алғашқы гиперальдостеронизм

Алғашқы гиперальдостеронизм бар пациенттер, әдетте, әсері РААЖ тежелісіне негізделген гипертензияға қарсы препараттарға сезімтал емес.

Сондықтан осындай пациенттерде препаратты қолдану ұсынылмайды.

Жөтел

АӨФ тежегішімен ем аясында препаратты тоқтатудан кейін басылатын тоқтаусыз құрғақ жөтел білінуі мүмкін. Пациентте құрғақ жөтел пайда болғанда осы симптомның болжамды ятрогенді сипатын есте ұстау керек. Егер емдеуші дәрігер АӨФ тежегішімен ем пациентке қажет деп санаса, препаратты қабылдауды жалғастыру қажет болуы мүмкін.

Балалар

Балалар мен жасөспірімдерде периндоприлді монотерапия ретінде немесе басқа препараттармен біріктірілімде қолдану тиімділігі мен жағымдылығы анықталмаған.

Артериялық гипотензия және/немесе бүйрек жеткіліксіздігінің қаупі (жүрек жеткіліксіздігі, су-электролит теңгерімінің бұзылуы және т.б. бар пациенттерде)

Кейбір патологиялық жай-күйлерде бастапқы төмен АҚ, бүйрек артериясының стенозы, жүректің іркілісті жеткіліксіздігі немесе ісінумен және асцитпен бауыр циррозы бар пациенттерде, әсіресе, айқын гиповолемияда және қан плазмасында электролиттер мөлшерінің төмендеуінде (тұзсыз диета немесе диуретиктерді ұзақ

уақыт қабылдау аясында) «ренин-ангиотензин-альдостерон» жүйесінің едәуір белсенуінің білінуі мүмкін.

АӨФ тежегішін қолдану РААЖ бөгелісін тудырады, сондықтан да күрт АҚ төмендеуімен және/немесе функционалдық бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын айғақтайтын қан плазмасындағы креатинин концентрациясының жоғарылауымен қатар жүруі мүмкін. Бұл құбылыстар препараттың бірінші дозасын қабылдағанда немесе емнің алғашқы екі аптасының ішінде жиірек байқалады. Сирек жағдайларда осы жай-күйлер жедел және басқа емдеу мерзімдерінде дамиды. Осындай жағдайларда емді жаңғырту кезінде препаратты төменірек дозада қолдануға, ал артынан дозаны біртіндеп арттыруға кеңес беріледі.

Егде жас

Периндоприл қабылдауды бастар алдында функционалдық бүйрек белсенділігін және қан плазмасындағы калий мөлшерін бағалау қажет. Емнің басында, әсіресе, сусыздану мен электролиттерді жоғалту жағдайында АҚ төмендеу дәрежесін ескере отырып, препарат дозасы таңдалады. Осындай шаралар АҚ күрт төмендеуін болдырмауға мүмкіндік береді.

Атеросклероз

Артериялық гипотензия қаупі барлық пациенттерде болады, алайда, жүректің ишемиялық ауруы және ми қан айналымының жеткіліксіздігі бар пациенттерде препаратты қолдана отырып, ерекше сақтық шарасын қадағалау керек. Осындай пациенттерде емдеуді препараттың төмен дозаларынан бастау керек.

Жүрек жеткіліксіздігі, жүректің ауыр жеткіліксіздігі

Жүректің ауыр жеткіліксіздігі (NYHA жіктеуі бойынша IV функционалдық класс) бар пациенттерге Нолипрел Би-форте препаратын қолдану көрсетілмеген, өйткені осындай пациенттерде ем индапамид пен периндоприл біріктірілімінің төменірек дозаларынан және мұқият дәрігерлік бақылаумен басталуы тиіс.

Артериялық гипертензия және жүректің ишемиялық ауруы бар пациенттер бета-адреноблокаторлар қабылдауды тоқтатпауы тиіс: АӨФ тежегіштері бета-адреноблокаторлармен бірге қолданылуы тиіс.

Қант диабеті бар пациенттер

Инсулинге тәуелді қант диабеті (калий мөлшерінің өздігінен арту қауіптілігі) бар пациенттерде Нолипрел Би-форте препаратымен ем мақсатқа сай емес, өйткені осындай пациенттерде емдеу индапамид пен периндоприлдің ең төмен дозаларынан басталуы және тұрақты дәрігерлік бақылаумен өтуі тиіс.

Бұрын қант төмендететін пероральді препараттар немесе инсулин қабылдаған қант диабеті бар пациенттерде, ал атап айтқанда, АӨФ тежегішімен емнің алғашқы айының ішінде гликемия деңгейін мұқият бақылап отыру керек (4.5 бөлімін қараңыз).

Этностық өзгешеліктер

Периндоприл, басқа да АӨФ тежегіштері сияқты, кара нәсілді пациенттерде, басқа нәсіл өкілдерімен салыстырғанда, аз білінетін гипертензияға қарсы әсерін айқын көрсетеді. Бұл айырмашылыққа артериялық гипертензия бар кара нәсілді пациенттерде рениннің төмен белсенділігінің жиірек білінетіні себеп болуы мүмкін.

Хирургиялық араласу, анестезия

АӨФ тежегіштерін қолдану, әсіресе, гипертензияға қарсы әсер ететін анестезияға арналған дәрілерді бірге қолданғанда артериялық гипотензияға алып келуі мүмкін.

Сондықтан, мүмкіндігінше, хирургиялық араласуға дейін бір тәулік бұрын ұзақ әсер ететін АӨФ тежегіштерін қабылдауды тоқтатуға кеңес беріледі.

Қолқалық немесе митральді клапандар стенозы/гипертрофиялық обструкциялық кардиомиопатия

АӨФ тежегіштері сол жақ қарыншадан шығарылу жолының обструкциясы бар пациенттерге сақтықпен тағайындалуы тиіс.

Бауыр жеткіліксіздігі

Сирек жағдайларда АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында холестаздық сарғаю туындайды. Осы синдром үдеп кеткенде кейде өліммен аяқталатын бауырдың фульминантты некрозы дамуы мүмкін. Осы синдромның даму механизмі түсініксіз. АӨФ тежегіштерін қабылдау аясында сарғаю пайда болғанда немесе бауыр ферменттері белсенділігінің едәуір жоғарылауында пациентке АӨФ тежегішін қабылдауды тоқтату және жағдай дәрігердің тиісті қадағалауында болу керек (4.8 бөлімін қараңыз).

Гиперкалиемия

Гиперкалиемия АӨФ тежегіштерімен, оның ішінде периндоприлмен емдеу кезінде дамуы мүмкін. АӨФ тежегіштері гиперкалиемияны тудыруы мүмкін, өйткені олар альдостеронның босап шығуын тежейді. Бүйрек функциясы қалыпты пациенттерде бұл әсері, әдетте, мардымсыз. Гиперкалиемияның қауіп факторлары бүйрек жеткіліксіздігі, бүйрек функциясының нашарлауы, 70 жастан асқан кезең, қант диабеті, кейбір қатарлас жай-күйлер, атап айтқанда, дегидратация, жүрек қызметінің жедел декомпенсациясы, метаболизмдік ацидоз, калий жинақтаушы диуретиктерді (спиронолактон, эплеренон, триамтерен, амилорид сияқты), сондай-ақ калий препараттары немесе құрамында калий

бар ас тұзын алмастырғыштарды бірге қолдану, сонымен қатар, қан плазмасында калий мөлшерінің жоғарылауына ықпал ететін басқа препараттарды (мысалы, гепариндер, котримоксазол, сондай-ақ сульфаметоксазол + триметоприм біріктірілімі ретінде белгілі, басқа АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының антагонистерін, ацетилсалицил қышқылын (тәулігіне 3 г және одан көп), циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштерін және селективті емес қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды (ҚҚСП), циклоспорин немесе такролимус сияқты иммунодепрессанттар), әрі әсіресе альдостерон антагонистерін немесе АРА II қолдану болып табылады.

Калий препараттарын, калий жинақтаушы диуретиктерді, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштарды қолдану, әсіресе, бүйрек функциясы төмендеп кеткен пациенттерде қандағы калий мөлшерінің едәуір жоғарылауына алып келуі мүмкін. Гиперкалиемиа жүрек ырғағының күрделі, кейде өлімге ұшырататын бұзылуларына алып келуі мүмкін. АӨФ тежегіштерін қабылдап жүрген пациенттерде калий жинақтаушы диуретиктер мен АРА II абайлап қолданылу керек, осы орайда, сарысудағы калий деңгейін және бүйрек функциясын бақылап отыру керек.

Егер жоғарыда көрсетілген препараттарды бірге қолдану қажет болса, емдеу қан сарысуындағы калий иондары концентрациясының мөлшерін жүйелі бақылау аясында сақтықпен жүргізілуі тиіс (4.5 бөлімін қараңыз).

Қосымша заттар

Нолипрел Би-форте дәрілік препаратының құрамында лактоза моногидраты бар. Сирек кездесетін тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактозалық мальабсорбция бар пациенттерге осы препаратты қабылдауға болмайды.

Натрий мөлшері

Нолипрел Би-форте құрамында таблеткасына 1 ммоль мөлшерінен аз натрий (23 мг) бар, яғни, құрамында натрий мүлде жоқ.

4.5. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Жалпы индапамид және периндоприл үшін

Бірге қолдану ұсынылмайды

Литий препараттары

Литий препараттарын және АӨФ тежегіштерін бірге қолдану кезінде қан плазмасындағы литий мөлшерінің қайтымды жоғарылауы және онымен байланысты

уытты әсерлері мәлімделді. Периндоприл мен индапамид біріктірілімін литий препараттарымен бірге қолдану ұсынылмайды. Осындай ем жүргізу қажет болса, қан плазмасындағы литий мөлшерін жүйелі бақылап отыру керек (4.4 бөлімін қараңыз).

Бірге қолдану айрықша сақтықты талап етеді

Баклофен

Гипертензияға қарсы әсерінің күшеюі. АҚ бақылап отыру, ал қажет болса, гипертензияға қарсы препараттар дозасын түзету керек.

Қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП) (ацетилсалицил қышқылының тәулігіне ≥ 3 г жоғары дозаларын қоса)

ҚҚСП (қабынуға қарсы әсер ететін дозадағы ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) және АӨФ тежегіштерін бірге қолдану кезінде гипертензияға қарсы әсерінің әлсіреуін байқауға болады. ҚҚСП және АӨФ тежегіштерін бірге қолдану, әсіресе, бүйрек функциясы бастапқы төмен пациенттерде, бүйректің жедел жеткіліксіздігінің дамуын қоса, бүйрек функциясының нашарлау қаупінің артуына және қан сарысуындағы калий мөлшерінің жоғарылауына алып келуі мүмкін. Препарат біріктірілімі мен ҚҚСП қолдану кезінде, әсіресе, егде жастағы пациенттерде сақ болу керек. Пациенттер талапқа сай мөлшерде сұйықтық ішуі тиіс, бірлескен емнің басында да, емдеу үдерісінде мезгіл-мезгіл де бүйрек функциясын бақылап отыруға кеңес беріледі.

Бірге қолдану назар аударуды талап етеді

Трициклды антидепрессанттар, психозға қарсы дәрілер (нейролептиктер) Осы кластардың препараттары гипертензияға қарсы әсерін күшейтеді және ортостаздық гипотензия (аддитивті әсер) қаупін арттырады.

Индапамид

Бірге қолдану ерекше сақтануды талап етеді

«Пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруға қабілетті препараттар

Гипокалиемияның даму қаупіне орай, индапамидті «пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардияны тудыруға қабілетті препараттармен бірге тағайындағанда сақ болу керек, мысалы:

- аритмияға қарсы ІА класс (хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, прокаинамид) және ІС класс (флекаинид) дәрілік препараттары;

- аритмияға қарсы III класс дәрілік препараттары (амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, бретилий тозилаты, дронедазон);
- нейрорептиктер: фенотиазиндер (хлорпромазин, циааемазин, левомепромазин, тиоридазин, трифлуоперазин, флуфеназин), бензамидтер, амисульприд, сульпирид, сультоприд, тиаприд), бутирофенондар (дроперидол, галоперидол), пимозид, сертиндол;
- антидепрессанттар: трициклды антидепрессанттар, серотонинді кері қармайтын селективті тежегіштер (циталопрам, эсциталопрам);
- бактерияға қарсы дәрілер: фторхинолондар (левофлоксацин, моксифлоксацин, спарфлоксацин, ципрофлоксацин); макролидтер (эритромицин вена ішіне енгізу кезінде, азитромицин, кларитромицин, рокситромицин, спирамицин); котримоксазол;
- азолдар қатарының зеңге қарсы дәрілері (вориконазол, итраконазол, кетоназол, флуконазол);
- безгекке қарсы дәрілер (хинин, хлорохин, мефлохин, галофантрин, лумефантрин);
- жүрек қыспасына қарсы дәрілер (ранолазин, бепридил);
- ісікке қарсы препараттар және иммуномодуляторлар (вандетаниб, мышьяк триоксиді, оксалиплатин, такролимус, анагрелид);
- құсуға қарсы дәрілер (ондансетрон);
- асқазан-ішек жолы моторикасына әсер ететін дәрілер (цизаприд, домперидон);
- антигистаминдік дәрілер (астемизол, терфенадин, мизоластин);
- басқа да: пентамидин, дифеманил, винкамин вена ішіне енгізу кезінде, вазопрессин, терлипрессин, кетансерин, пробукол, пропофол, севофлуран, теродилин, цилостазол.

Гипокалиемиа профилактикасын жүргізу және, қажет болса, оны түзету, QT аралығын бақылап отыру керек.

Гипокалиемианы тудыруға қабілетті препараттар

Амфотерицин В (в/і), глюко- және минералокортикостероидтар (жүйеі қолдану кезінде), тетракозактид, іш жүргізетін дәрілер, ішек моторикасын көтермелеушілер: гипокалиемианың даму қаупінің артуы (аддитивті әсер). Қан плазмасында калий мөлшерін бақылау, қажет болса – оны түзету қажет. Жүрек гликозидтерін бір мезгілде қабылдап жүрген пациенттерге ерекше көңіл бөлу керек. Ішек моторикасын көтермелемейтін іш жүргізгіш дәрілерді қолдану керек.

Жүрек гликозидтері

Гипокалиемия және/немесе гипомагниемия жүрек гликозидтерінің ұйғтты әсерінің дамуына бейімдейді. Қан плазмасындағы калий мен магний мөлшерін және ЭКГ көрсеткіштерін бақылап отыруға, ал қажет болса, емді түзетуге кеңес беріледі.

Аллопуринол

Индапамидпен бірге қолданғанда аса жоғары сезімталдық реакциялары жиілігінің жоғарылауы болуы мүмкін.

Бірге қолдану назар аударуды талап етеді

Калий жинақтаушы диуретиктер (амилорид, спиронолактон, триамтерен)

Осындай біріктірілім кейбір пациенттерде негізделген. Осы орайда, гипокалиемия немесе гиперкалиемияны (атап айтқанда, бүйрек жеткіліксіздігі немесе қант диабеті бар пациенттерде) байқауға болады. Егер индапамид пен жоғарыда атап көрсетілген калий жинақтаушы диуретиктерді бірге қолдану қажет болса, қан плазмасындағы калий мөлшерін және ЭКГ параметрлерін бақылап отыру керек. Қажет болса, емдеу сызбасын қайта қарауға болады.

Метформин

Метформинмен бірге қолдану кезінде диуретиктер, әсіресе, «ілмекті» түрлерін қабылдау аясында туындауы мүмкін функционалдық бүйрек жеткіліксіздігі сүт қышқылды ацидоздың даму қаупін арттырады. Егер қан плазмасындағы креатинин концентрациясы ерлерде 15 мг/л (135 мкмоль/л) және әйелдерде 12 мг/л (110 мкмоль/л) мөлшерінен асып кетсе, метформинді қолдануға болмайды.

Құрамында йод бар контрастылы заттар

Диурездік препараттар қабылдау аясында организмнің сусыздануы, әсіресе, құрамында йод бар контрастылы заттардың жоғары дозаларын қолдану кезінде бүйректің жедел жеткіліксіздігінің даму қаупін арттырады. Құрамында йод бар контрастылы заттарды қолданар алдында пациенттерге жоғалтқан сұйықтық орнын толтыру қажет.

Кальций (тұздар)

Бірге қолдану кезінде кальций иондарының бүйрекпен экскрециясының төмендеуі салдарынан гиперкальциемия дамуы мүмкін.

Циклоспорин, такролимус

Тіпті су және натрий иондарының мөлшері қалыпты болса да, қан плазмасындағы циклоспорин концентрациясының өзгеруінсіз қан плазмасында креатинин концентрациясы жоғарылауы мүмкін.

Кортикостероидтар, тетракозактид (жүйелі қолдану кезінде)

Гипертензияға қарсы әсерінің азаюы (кортикостероидтар қолдану аясындағы тұз және су іркілісі).

Периндоприл

Клиникалық зерттеулер деректері АӨФ тежегіштерін, АРА II немесе алискиренді бірге қолдану нәтижесінде РААЖ қосарлы бөгеудің, РААЖ әсер ететін тек бір препарат қолданылатын оқиғалармен салыстырғанда, артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының төмендеуі (бүйректің жедел жеткіліксіздігін қоса) сияқты жағымсыз құбылыстардың туындау жиілігінің артуына алып келетінін көрсетті (4.3, 4.4 және 5.1 бөлімдерін қараңыз).

Ангиневроздық ісінудің даму қаупін арттыратын дәрілік препараттар

АӨФ тежегіштерін валсартан + сакубитрил біріктірілімімен бірге қолдану қарсы көрсетілімді, өйткені ол ангионевроздық ісіну қаупін арттырады (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз). Валсартан + сакубитрил біріктірілімін периндоприлдің соңғы дозасын қолданудан кейін 36 сағат өткен соң барып қолдануға болады. Периндоприлді валсартан + сакубитрил біріктірілімінің соңғы дозасын қолданудан кейін 36 сағат өткен соң барып қолдануға болады (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

АӨФ тежегіштерін рацекадотрилмен, mTOR тежегіштерімен (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус) және глиптиндермен (мысалы, линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) бірге қолдану ангионевроздық ісінудің жоғары қаупіне әкелуі мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

Гиперкалиемия тудыратын дәрілік препараттар

Қан сарысуындағы калий деңгейінің, әдетте, қалып шегінде қалатынына қарамастан, Нолипрел Би-форте қабылдап жүрген кейбір пациенттерде гиперкалиемия туындауы мүмкін.

Кейбір дәрілік препараттар немесе препараттар кластары гиперкалиемияның даму жиілігін арттыруы мүмкін: алискирен, калий тұздары, калий жинақтаушы диуретиктер (мысалы, спиронолактон, триамтерен немесе амилорид), АӨФ тежегіштері, АРА II,

ҚҚСП, гепариндер, иммунодепрессанттар (циклоспорин немесе такролимус сияқты), триметоприм және ко-тримоксазол (сульфаметоксазол + триметоприм), өйткені триметоприм, белгілі болғандай, амилорид сияқты калий жинақтаушы диуретик тәрізді әсер етеді. Осы дәрілік препараттар біріктірілімі гиперкалиемияның даму қаупін арттырады. Сондықтан Нолипрел Би-фортені жоғарыда аталған препараттармен бірге қолдану ұсынылмайды. Егер бірге қолдану көрсетілсе, оларды сақтықпен және қан сарысуындағы калий деңгейін жиі бақылаумен қолдану керек.

Бірге қолдану қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз)

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

АӨФ тежегіштерін құрамында алискирен бар дәрілік препараттармен бірге қолдану қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының орташа немесе ауыр бұзылуы бар ($\text{ШСЖ} < 60 \text{ мл/мин/1,73 м}^2$ дене беткейі ауданына) пациенттерде қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз). Гиперкалиемияның, бүйрек функциясы нашарлауының, жүрек-қантамырлық ауруға шалдығу мен өлімге ұшыраудың даму қаупі артады.

АӨФ тежегіштерімен және ангиотензин рецепторларының антагонистерімен бірлескен ем

Диабеттік нефропатия бар пациенттерде ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) қолдану қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз).

Экстракорпоральді ем

